



Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г. Алматовқа

**Жетісай ауданы, Ж.Ералиев е/м. С.Сейфуллин ауылы, «ЖАУҚАЗЫН»
бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі
мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктердің
жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТ**

«Жауқазын» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылдың сәуір айында мемлекеттік аттестаттаудан өткізілді. Мемлекеттік аттестаттау барысында төмендегі кемшіліктер анықталды:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1- қосымшасының (бұдан әрі-Қағидалар) 5- тармағы бойынша бөбекжай-бақша- бір жастағы және 1- сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың толықтырылуы сәйкес келмейді.

Кемшіліктер түзетілді: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар бойынша қателікпен жұмыс атқарылып кемшілік жойылды. Атап айтқанда балабақшаның ҰББДҚ қоры мәліметтері талапқа сәйкестендіріліп, 2023-2024 ож Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 қосымша) толықтырылып төменде құжат танысу үшін ұсынылды. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2- тарау, 4- тармақ, 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келмейді;

Кемшіліктер түзетілді: МДТО үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес күн тәртібімен циклограмма сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

3. Бөбекжай- балабақша тарапынан педагогтардың өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бесжылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы бойынша мәліметтер сайтта ұсынылмаған, педагогтарда біліктілік санаттары жоқ. (Үлгілік қағидалардың 18,24-тармақтарына сәйкес келмейді);

Кемшіліктер түзетілді: Балабақша педагогтардың санатын көтеру туралы талаптар бойынша балабақша тәрбиешілері Толбасиева М.М. және Алтынбекова Р.У-ның біліктілікті арттыру бойынша куәліктері, біліктілік санаттары бойынша құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

4.«Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» ЖШС-нің ұсынған ресми сайттағы педагогтер туралы мәліметтер бойынша балабақша тәрбиешілері Хидирова Мастона мен Кеңесбаева Назым мамандықтары бойынша қайта даярлау курсынан өтпеген.

Кемшіліктер түзетілді: Балабақша тәрбиешісі Хидирова Мастона өз еркімен жұмыстан босатылды. Орнына Алтынбекова Р.У. балабақша тәрбиешісі қызметіне қабылданды. Тәрбиеші Кеңесбаева Назым диплом бойынша мамандығымен балабақша психологы қызметіне ауыстырылды. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

5. Қамқоршылық кеңес құрамы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына 1 қосымшасына сәйкес дұрыс құралмаған.

Кемшіліктер түзетілді: ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына 1 қосымшасына сәйкес Қамқоршылық кеңес құрамы өзертілді. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

6. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 6,7,8,9,10,11- тармақ талаптарына сәйкес келмейді:

Кемшіліктер түзетілді: 2023-2024 оқу жылында Кіші «Балапан» тобында бастапқы мониторинг жүргізілді. «Айгөлек» ересек ересек тобында аралық мониторинг жиынтығында бала саны сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

7. Бөбекжай балабақша тарапынан тәрбиеленушілердің тізімі ұсынылған. Тәрбиеленушілер жас ерекшелігіне сай топтастырылмаған (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1- қосымшасының 25-тармағына сәйкес келмейді).

Кемшіліктер түзетілді: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар бойынша қателікпен жұмыс атқарылып кемшілік жойылды. Балабақшаның ҰББДҚ қоры базасында сәйкестендірілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 25- тармағына сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

8. Бөбекжай- балабақшаның бағаланатын кезеңге ұсынған балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтай отырып, оқу жылы басында топтастыру қарастырылған. Алайда топ атауын ауыстыру бұйрығының күні дұрыс көрсетілмеген (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1- қосымшасының 26-тармағына сәйкес келмейді).

Кемшіліктер түзетілді: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1- қосымшасының 26-тармағына сәйкес топ атауын ауыстыру бұйрығының күні дұрысталды. Құжаттары балабақша сайтының <https://zhaukazyn-edu.kz> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

Балабақша меңгерушісі: М.М.Толбасиева

